



Газет  
2007 жылғы  
22 қарашадан  
шығады

# ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta\_eltilegi@mail.ru

№20 (876) Сәрсенбі 15 мамыр 2024 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



## КҮН ТӘРТІБІНДЕ ТУРИЗМДІ ДАМУ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Үкімет отырысынан кейінгі арнайы мәжілісте облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев мәселенің маңыздылығын баса айтып, жауапты басшыларға бірікпеген тапсырма берді. «Елімізде туризмді дамыту – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Бұл арқылы біз өңірдің экономикалық жағдайының жақсара түсуіне, әлеуметтік мәселелердің шешілуіне қол жеткіземіз. «Туристік қызмет туралы» Заң аясында мемлекеттік қолдаудың нақты тетіктері айқындалды.

Өткен жылы Үкімет «ҚР Туристік саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын» бекітті. Осындай бастамалар мен реформалар туризмнің дамуына тың серпін берді. Өткен жылдың қорытындысымен туризм саласындағы нысаналы индикаторлардың орындалу көрсеткішінде оң динамика қалыптасты. ҚР Туризм және спорт министрлігі бекіткен жоспар аясында салаға салынған инвестиция көлемі 20,7 млрд теңгені құрап, жоспар 201 пайызға орындалды», – деді аймақ басшысы. Дегенмен, кейбір аудандарда Қызылорда облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарына сәйкес белгіленген межені орындалу барысы төмен. Нұрлыбек Машбекұлы аудан әкімдеріне қажетті шара қабылдап, жұмыс қарқынын жылдамдатуға тапсырды.

Айта кетейік, биыл өңірдің туристік әлеуетін арттыру бағытында нақты шаралар қабылданды. Сәуір айында Еуроодақ елшілері Сыр өңіріне арнайы келіп, инвестициялық мүмкіндіктермен танысты. Аймақтың туристік тартымдылығын арттыру бағытында жаңа автовокзал пайдалануға берілді. «Қорқыт ата» әуежайының жаңа терминалының құрылысы аяқталды. Сондай-ақ, туристер тасымалына қолайлы жағдай жасау үшін 100 экотакси сатып алу жоспарлануда.

Өткен жылдың қорытындысына қарағанда, ішкі туристер саны 113

мың, сыртқы туристер саны 3980 адамға жеткен. Облыста 4195 орынға лайықталған 150 орналастыру жайы бар. 2022 жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда бұл көрсеткіш 112,8 пайызға артты.

Былтырғы жазғы демалыс маусымында облыстағы 13 шағын және 2 ірі демалыс орнына 110 мың демалушы келді, 70 мыңға жуық адамды «Камыстыбас» және «Ханқожа көлі» демалыс аймақтары қабылдады. Олардың иелеріне алдағы демалыс маусымында қауіпсіздік шараларын күшейту және санитарлық тазалық талаптарын қатаң сақтау жөнінде тиісті тапсырмалар берілді. Қазіргі уақытта облыста 806 орынға есептелген 5 шипажай жұмыс істейді. Шипажайларға былтыр қантар-сәуір айларында 2587 адам келген.

Жол инфрақұрылымы да қарқынды дамып келеді. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автокөлік дәлізінің Қызылорда облысындағы бөлігінде 53 жол бойы қызмет көрсету кешені жұмыс жасайды. Былтыр туристерге тартымды орындарда 17 санитарлық-гигиеналық торап талаптарға сәйкестендіріліп, күтіп ұстау шығындары мемлекет есебінен субсидияланды. Биыл 21 нысанға мемлекеттік қолдау шараларын көрсету үшін 21 млн теңге бөлініп, 14 кәсіпкердің субсидиялау туралы өтінішіне комиссия оң қорытынды берді.

## ҚҰРЫЛЫСТА САПА МАҢЫЗДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен жиында Жалағаш ауданы «Таң» ауылдық округінің әлеуметтік-экономикалық дамуы, «Қорқыт Ата» әуежайының аумағын абаттандыру мәселелері талқыланды.

Сонымен қатар, жиында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясындағы білім ошақтарының, физика-математика мектеп-интернатының, теннис корты мен «Оқушылар сарайының» құрылыс барысындағы мәселелер қаралды. Аймақ басшысы құрылыстардың барлығына қойылатын басты талап – сапа мен мерзім екенін атап айтып, осы талапты бұлжытпай орындауды талсырды.

– Бұған дейін жұмыс сапарымен «Таң» ауылына барғанда жүзеге асырылуы керек жобаларға қатысты тапсырмалар бердім. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автодәлізінен елді мекенге қарберіске дейін ағаш отырғызу қажет. «Таң – Жаңақоныс», «Таң – Самұрат» автомобиль жолдары мен «Бозарық» каналының көпірін қайта жаңғыртуды пысықтаңыздар. Ауылда жарықтандырылуы тиіс көшелер бар. Жұмысты тиянақты орындап, нысандарды



мерзімінде пайдалануға беру керек. Елді мекендегі балабақша, дәрігерлік амбулатория және спорт кешені ғимараттарын арнайы эскиздік жобаға сәйкестендіруді бастау қажет. Құрылыстың сапасы аса маңызды. Қажет болса, жұмысты күнделікті бақылайтын арнайы адам бекітіңіздер.

«Қорқыт Ата» әуежайының аумағын абаттандыруды уақытлы әрі сапалы жүргізу керек. Инфрақұрылымды дамытуға, абаттандыруға, яғни жылу, су, электр, телефон және кәріз желілерін, автожол жүргізуге жергілікті бюджеттен 4 млрд 300 млн теңге қаржы бөлінді. Ғимараттың айналасындағы жол құрылысын бақылауға алыңыздар, – деді облыс әкімі.

Айта кетейік, «Таң LTD» ЖШС Жалағаш ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып, бірқатар маңызды

бастаманы іске асыруда. Алда ауыл тұрғындарына арналған екі пәтерлік 10 тұрғын үй салынады. Сондай-ақ кәсіпорын 3 өндірістік базаны іске қосып, жаңа жұмыс орындарын ашуды жоспарлауда. Қазір шаруа қожалығының иелігінде күріш ақтау зауыты мен өткен цехы бар. Күріш ақтау зауыты 5 жыл бұрын іске қосылған, тәулігіне 100 тонна өнім өндір алады. Мұнда 15 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Ал 2019 жылы ауылдық округке қарасты «Жаңақоныс» елді мекенінде «Агролидер Таң» ЖШС-ның өткен цехы ашылған. Кәсіпорын тәулігіне 0,5 тонна өнім өндіріп, 15 түрлі (тұшпара, манты, қазы, әсіп және т.б.) өнім шығаруда. Мұнда 8 адам жұмыс істейді.

Серіктестіктің демалушыларымен ауылда балалар ойын алаңы мен кіші футбол алаңы салынып, жарықшамдар орнатылды. Сондай-ақ Ұлы

Отан соғысында қаза тапқан боздақтардың құрметіне «Тағзым алаңы» салынып, қазір жаңа спорт кешенінің құрылысы жүргізілуде. Өткен жылы бір ғасыр бұрын салынған «Әбжілі мешітінің» ғимараты жөнделді.

«Болат Өтемұратов қорының» қолдауымен салынған халықаралық талаптарға сай келетін әуежайдың жаңа терминалында ішкі және халықаралық рейстерге, транзиттік жолаушыларға арналған залдар, СІР-зал, жүкті автоматты түрде беру жүйесі, «Duty Free» аймағы, сауда нүктелері, медпункт, кафе, ғибадат ету, жүк сақтау, ана мен бала бөлмелері бар. Екі қабатты ғимарат сағатына 250 адамға, төлқұжат бақылайтын 10 кабина қызмет етеді. Нысан таяуда ел игілігіне табысталамақ. Жобаға аталған қордан 16 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінген.

## ТАҒАЙЫНДАУ

Қала әкімі Серік Қожаниязов кадрлық өзгерістерге байланысты актив отырысында қалалық қоғамдық даму бөлімінің басшысын таныстырды. Бірыңғай конкурстық комиссияның қорытындысы негізінде қала әкімінің өкімімен Қайруллаев Айдын Бөкенбайұлы қалалық қоғамдық даму бөлімінің басшысы қызметіне тағайындалды.

«Айдын Бөкенбайұлы – мемлекеттік қызметте жемісті еңбек етіп, сатылап өскен білікті де тәжірибелі маман. Маңызды салаларда басшылық қызмет атқарған, тапсырманы тиянақты орындайтын жауапкершілігі мол азамат. Айдын Бөкенбайұлы әлеуеті жоғары кадр ретінде өз жұмысын кәсіби деңгейде атқарды деп сенемін», – деді қала әкімі.

Айдын Бөкенбайұлы 1981 жылы Қызылорда облысында дүниеге келген, жоғары білімді. 2002 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Журналистика», 2008 жылы «Құқықтану» мамандығы

бойынша тәмамдаған. Еңбек жолын 2001 жылы Қызылорда облыстық телерадиокомпаниясында редактор ретінде бастаған. 2002-2008 жылдары облыстық мәдениет басқармасының жетекші маманы, ҚР Ақпарат министрлігінің Қызылорда облысы бойынша ақпарат басқармасының жетекші маманы, ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің бас маманы, облыс әкімінің баспасөз хатшысы, көмекшісі қызметтерін атқарған. 2008-2018 жылдары облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары, қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы, қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы, қала әкімінің орынбасары, облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы қызметтерінде болды. 2018 жылдан бастап осы кезге дейін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры, орынбасары қызметтерін атқарып келді.



## «ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ, «ЖАРАСЫМДЫ ЖАНҰЯ» ЖУРНАЛЫ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2024 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

**6 айға – 2500 теңге;**

«Жарасымды жанұя» журналына жеке жазылушылар үшін индекс 47023

**6 айға – 2850 теңге.**

**БАСЫЛЫМДАРЫМЫЗДЫ АСЫҒА  
КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН  
ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!**

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

**Қажетті ақпаратты мына телефондар  
арқылы ала аласыздар:**  
8 777 752 5463; 8 705 982 7661.

## Асқарбек Есжанов: ЖҰМЫС БАРЫСЫНДА САЛҒЫРТТЫҚ ТАНЫТЫП ОТЫРҒАҒАНДАР БАР



Қызылорда қаласындағы 264 мектеп-лицейінің базасында облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжановтың төрағалығымен Қызылорда қаласының білім беру ұйымдарының басшылары мен тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының кеңейтілген отырысы өтті.

Отырыстың күн тәртібінде балалар арасында құқық бұзушылықтың, қылмыстың алдын алуға бағытталған жұмыстар жөнінде қаралды.

Отырысты басқарма басшысы Асқарбек Есжанов жүргізді. Қызылорда облыстық полиция департаментінің басшысының орынбасары Глия Жұмағұлов пен

қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев қатысты.

Басқарма басшысы Асқарбек Темірбекұлы 2024 жылдың 4 ай қорытындысымен Қызылорда қаласындағы бірқатар құқық бұзушылық пен қылмыстық көрсеткіштерге тоқталып, түнгі шектеулі уақыттағы балалардың заңды өкілісіз жүруі, тыйым салынған заттарды өздерімен алып жүруі тыйымдалғандығын, мектеп, колледж тарапынан ата-аналармен жасалып жатқан жұмыстарды әлі де күшейту керігін атап айтты.

Мұнан соң ағымдағы жылғы қаладағы көмелет жасына толмағандардың қатысуымен орын алған құқық бұзушылықтар мен қылмыстық деректер бойынша полиция басқармасымен бірлесіп атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде қалалық білім бөлімінің басшысы Жанат Сәдуақасова баяндама жасады.

Әріптестер, бала қауіпсіздігі басты назарда болуы керек. Мен бұған дейін болған жиналыстарда білім беру мекемелерінде оқуға келген әр бала жіті тексерілуі керек дегенмін. Оған мүмкіндіктер жасалына. Барлық


мектепте арнайы турнирлер, темір іздегіштер, скуд жүйе, мамандандырылған күзет қызметі қойылды. Тек, жүйелі жұмыс жасауда салғырттық танытып отырғандар бар. Бұлай бола беретін болса, біздің тарапымыздан нақты шешімдер қабылданатынын ескертемін, – деді басқарма басшысы Асқарбек Темірбекұлы.

Мұнан бөлек күн тәртібіндегі мәселеге қатысты облыстық полиция департаменті баслығының орынбасары, полиция полковнигі Лияс Жұмағұлов жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында атықарылған жұмыстарды баяндады.

Мәжіліс төрағасы «Соңғы қонырау» іс-шарасы кен көлемде емес, тек мектеп қабырғасында 11-сынып оқушылары мен сынып жетекшілерінің қатысуымен сынып сағаты ретінде ұйымдастырылуын, сонымен қатар аттестат тапсыру салыстырғанда іс-шарасы облыста бір мезетте ағымдағы жылдың 14 маусым күні өткізілуін, онда бала қауіпсіздігінің қатаң сақталуын қамтамасыз етуді тапсырды.

## ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Қала әкімі Серік Қожаниязов қаржы саласының ардагері Ирина Кимді мерейтойымен құттықтады.



- Бүгінгі жиынымыз экономика ғылымдарының докторы, қаржы саласының ардагері Ким Ирина Леонидовнаның 70 жасқа толған мерейтойы құрметіне арналуда. Құрметті Ирина Леонидовна, саналы ғұмырыңызды қаржы саласына арнап, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қызылорда арнайы экономикалық аумағын құру туралы бастаманы жүзеге асыруға аянбай еңбек еттіңіз. Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына, халықтың әл-ауқатының артуына қосқан үлесіңізді Сыр жұртшылығы ерекше бағалайды. Сізді бүгінгі мерейтойыңызбен құттықтай отырып, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілеймін. Сізге аймақ басшысы Нұрлыбек Машбүкұлының іссапарда болуына байланысты облыс әкімінің мерейтойлық құттықтауын табыстауға рұқсат етіңіз», - деді шаһар басшысы.

Іс-шара барысында мерейтой иесіне Қызылорда қаласының

дамуына қосқан ерекше үлесі үшін қаланың ең жоғарғы марапаты «Құрмет грамотасы» табысталды.

Мерейтой иесін қоғам қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Өмірбек Шәменов, облыстық мәслихат депутаты Балжан Мәрәліқызы және еңбек жолында қызмет атқарған бірқатар әріптестері құттықтап, игі тілектерін жеткізді.

Ирина Ким еңбек жолын Қызылорда темір жол бөлімшесінде инженер-экономист болып бастап, облыстық экономика басқармасының басшысы, Қызылорда қаласы әкімінің бірінші орынбасары, арнайы экономикалық аймақ төрағасының орынбасары, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар, қаржы басқармаларының басшысы, облыс әкімінің кеңесшісі, «Байқоңыр» СПК» АҚ басқарма төрағасының орынбасары қызметтерін абыроймен атқарған.



## СЫР ЖҰРТШЫЛЫҒЫ «БІЗДІҢ КҮШІМІЗ БІРЛІКТЕ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫНА ҮЛЕС ҚОСТЫ

**Халықаралық отбасы күні қарсаңында еліміздің барлық өңірінде «Біздің күшіміз бірлікте» республикалық акциясы басталды. Акцияны Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия ұйымдастырды.**

Облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиясының үйлестіруімен су тасқынынан зардап шеккен Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданына 30 тонна гуманитарлық көмек жөнелтілді. Онда төсеніш, жастық, көрпе, гигиеналық заттар, балалар жөргектері, ересектер және балалар киімдері, тұрмыстық заттар, азық-түлік және т.б. керекті заттар бар. Гуманитарлық көмекті жинауға

қаладағы барлық мекемелер мен тұрғындар атсалысты.

Арнайы іс-шараға қатысқан комиссия төрағасы, облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов және комиссия мүшелері су басқан аймақтар халқына ізгі тілек білдірді.

Еске салсақ, Сыр жұртшылығы су тасқыны болған өңірлерге белсенді түрде көмек қолын созуда. Республикалық қайырымдылық акциясына

облыстың барлық мемлекеттік мекемелерімен қатар, ірі кәсіпорындар, компаниялар, меценаттар, партия және Қазақстан халқы ассамблеясының құрылымдары, волонтерлер айрықша үлес қосты.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қолдауымен Қызылорда облысының еліміздің Қостанай, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Атырау, Солтүстік Қазақстан облыстарына 738 адам, 216 арнайы техника жөбіріліп, көмек көрсетілуде. «Торғай Петролеум» мұнай компаниясы 50 млн теңгенің гуманитарлық көмегін берсе, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері 100 тоннаға жуық ақ күрішпен қамтамасыз етті.

Қала және аудан әкімдіктері ұйымдастырған «Күшіміз – бірлікте» акциясына облыстың жанашыр азаматтары мен волонтерлер жұмылды. Жинақтау пункттері ашылып, су тасқыны басталғаннан бүгінгі күнге дейін Сыр өңірінен 150 млн теңгенің гуманитарлық көмегі жөнелтілді.

Мұнан бөлек, облысқа Батыс Қазақстан өңірінен уақытша келген 103 оқушы мен 10 жетекшісі «Қамбаш» олимпиадалар және қосымша білім беру орталығына орналасырылып, 5 мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Ал, Атырау облысының 100-ден аса тұрғыны Қызылорда қаласына орналастырылып, тиісті көмек көрсетілуде.



## ҚҰРМЕТТІ ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚТАР!

«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ - 2024» ұлттық конкурсының қалалық деңгейдегі бірінші кезеңі басталды

Конкурсқа қатысуға еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жетістіктері жоғары отбасылар жіберіледі.

Қызметі Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған ұйымдардың құрамына кіретін (кірген) мүшелері бар; бұрын сотталған мүшелері бар отбасылар конкурсқа қатыса алмайды.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар тізімі:

- 1) ата-аналардың (қорғаншылардың, қамқоршылардың) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері, балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері;
- 2) асырап алушы (қорғаншы) отбасылар үшін – жергілікті уәкілетті органның көмектегі толмаған балаға қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеу туралы шешімінен үзінді көшірме;
- 3) неке кино туралы куәліктің көшірмесі (бар болса);
- 4) Ата-аналардың біреуі қайтыс болған жағдайда, қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі – бар болса;
- 5) Балаларды тәрбиелегені үшін алған көтермелеулердің, белгілі бір жетістіктері үшін алған көтермелеулердің бар екенін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;
- 6) балалардың, ата-аналардың (қорғаншылардың, қамқоршылардың) жұмыс (оқу) орнынан анықтамалар және міндезделер;
- 7) ұсынымдар (әріптестерінің, көршілерінің, достарының);
- 8) отбасы мүшелерінің еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жоғары жетістіктерін куәландыратын құжаттардың көшірмелері.

«Мерейлі отбасы - 2024» ұлттық конкурсына құжаттар 2024 жылғы 15 мамыр – 15 маусым аралығында қалалық қоғамдық даму бөлімінде қабылданады.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев көшесі №16 үй (қала әкімдігінің ғимараты), 306 - кабинет, байланыс телефоны: 26-39-54, 27-20-81.

## ХАБАРЛАНДЫРУ!!!

«Қызылорда қаласының қоғамдық даму» КММ және «Қызылорда облысының» жастар Одақтары қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ақпараттық түсіндірме жұмыстарын, адам саудасы мен құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған шараларды ұйымдастыру» әлеуметтік жобасы аясында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпта мектеп оқушылары арасында «Жас суретші» байқауы өткізілетіндігін хабарлаймыз.

Байқауға 12-16 жас аралығындағы оқушылар қатыса алады.

Суреттер А3 форматындағы қағазға салынады.

Сурет салу кезінде гуашь, акварель бояулары, түрлі-түсті карандаш және т.б. құралдар қолданылады.

Оқушылар сурет салуға қажетті құралдарды өздерімен бірге ала келеді.

Байқауға қатысушылардың сұраныстары 2024 жылдың 30-шы мамырға дейін қабылданады және taskinbayeva91@list.ru электрондық поштасына немесе Қорқыт ата көшесі, 7а мекен-жайына жіберілуі қажет.

Қатысушыларға берілетін бағалы сыйлықтар: 1 орын 50 000 теңге, 2 орын 30 000 теңге, 3 орын 20 000 теңге.

Қосымша сұрақтар бойынша төмендегі телефон нөмеріне хабарласуға болады.

Анықтама телефондары: 87078373189 Гульфиярұз  
87472888946 Әсем

## МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН ОҚЫТУ КУРСЫ БАСТАЛДЫ

Мүмкіндігі шектеулі жастардың мәселелерін шешу және әлеуметтік жағдайларын жақсарту – мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі. Кез келген тұлға, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар қоғам мен адамның көмегіне, қамқорлық пен махаббатқа құқығы бар. Өңірдегі мүгедектігі бар жастардың белсенділігін арттырып, қоғамдық қызметке тарту да сіз бен бізге артылған үлкен жауапкершілік.

Осы мақсатта ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының «Инклюзивті қоғам дамуы» гранты аясында «Қызылорда өңірінде еңбекке қабілетті мүмкіндігі шектеулі жастарды креативті өнерге тарту» жобасы желісінде «Ақ босаға» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Өз қолымен жасауды үйретемін» оқыту-курсы бастау алды.

Аймақтағы 30-ға жуық мүмкіндігі шектеулі жастар, №187 М.Шокай атындағы ақпараттық технологиялар мектеп-лицейінің мүмкіндігі шектеулі оқушылары мен студенттері бүгін «Қызылорда Нұр» бизнес-инкубаторының өңірлік менеджері Жанарыс Тубекбаевтың тренерлік етуімен «Жасанды интеллект» (манкинг), фигма, канва, цифрлық контент, графикалық веб-дизайн (ноу код) тақырыптары бойынша алғашқы кіріспе сабағы өтті. Сабақта сандық технологиялар

жөнінде алғашқы түсінік, сабақтың жүргізілуі барысы тусіндіріліп, қатысушылар жаңа білімге ерекше қызығушылық танытты. Сабақ барысында мектеп оқушысы Нұржан Алдабергенов өз қабілетін пайдаланып, алғашқы видео-контентін әзірледі.

Сонымен қатар, №7 арнайы түзету мектеп-интернатының жоғары сынып тәрбиеленушілеріне Қазақстан коллегиясының мүшесі, педагогика ғылымдарының магистрі Айгана Әлдіарқызы мен Бағжан Гәдденбекқызы «Этноөнер» курсы бойынша алғашқы дәрісін өтіп, құрғақ жүнінен оналған панно жасау әдісін үйретті.

Қоғам әрдайым көмекке мұқтаж жандарға қол созуға әзір. Ал өмірге құлшынысы жоғары, ықыласты ерекше жандарға қолдау білдіру – азаматтық пен адамдық Жастар алдағы уақытта үш ай көлемінде оқыту курсынан өтіп, алдағы өмірге қажетті жаңа дағдыларды меңгеретін болады

## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚОСЫМША ҮСТЕМАҚЫ ТӨЛЕНЕДІ»: ҚАЗАҚСТАНДА ЖАҢА МІНДЕТТІ ЕНГІЗУ БАСТАЛДЫ



**Зейнетақы жүйесі жұмысшылардың жалақысынан ұсталатын 10 пайыздық зейнетақы жарнасынан бөлек, жұмыс берушілер жаңа зейнетақы жарнасын өз қалтасынан төлейді.**

Жыл басынан бері жұмыс берушілерден қазақстандықтардың зейнетақы шотын 59 миллиард теңге аударылған. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы 4 айда жұмыс берушілер өз қаражатынан 1 миллион 700 мың теңге аударғанын мәлімдеді.

2024 жылдан бастап Қазақстанда жұмыс берушінің жаңа міндетті зейнетақы жарнасын (МЗЖ) кезең-кезеңімен енгізу басталды. Бірінші жылы оның мөлшерлемесі қызметкердің жалақысының тек 1,5 пайызына тең, бірақ 2028 жылға қарай ол 5 пайызға дейін өседі. Бұл жарнаны компаниялар өз қаражатынан төлейді.

«Бұл, әрине, бюджетті толықтыру мақсатында жасалған шара. Соңғы 10 жылда Қазақстан бюджет шығыстарын тұрақты түрде арттырып келеді. Бюджеттік фискалдык тәртіпті қалғаламайды. Сондықтан бюджетті толықтыру қажет болды. 1975

жылдың 1 қаңтарынан кейін туған әрбір қызметкерге қосымша үстемақы төленеді. Тұрақты жарнадан айырмашылығы, жұмыс берушілердің қаражаты қызметкердің меншігі емес және оны капиталдандырылмайды немесе мұраға қалдыра алмайды», – дейді қаржылық сарапшы Рәсул Рысмамбетов.

Public Policy Research Center директоры Меруерт Махмұдова осылайша 1975 жылдан кейін туғандардың зейнетақысын көбейтуге болады деген болжам жасайды.

«Мен бұл бір жарым пайызды қосымша салық деп санар едім. Өйткені оны қызметкер емес, жұмыс берушінің өзі төлейді. Зейнетақы жүйесінде ашықтық пен бюджеттік фискалдык тәртіп жетіспейді. Олар кейіннен қалағандардың және күмәнді мемлекеттік қажеттіліктерге жұмсалатын мемлекеттік бағалы қағаздарға инвестициялайды», – дейді ол.

## СЫР ӨҢІРІНДЕ «МӨЛДІР БҰЛАҚ» АПТАЛЫҒЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Сыр өңірінде Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық акциясы шеңберіндегі «Мөлдір бұлақ» апталығы қорытындыланды. Акцияның мақсаты - табиғатты таза ұстап, тұрғындардың экологиялық мәдениетін көтеру.

Ұйымдастырылған тазалық шаралары нәтижесінде су айдындары мен өзен-көл жағалаулары, аяқсу арықтарының бойы тазартылды. Апталыққа 20 мыңнан астам адам, мемлекеттік мекемелер мен жеке ұйымдар қызметкерлері, жастар және волонтерлер, тұрғындар қатысып, барлығы 245 техника жұмылдырылды.

Сырдария өзенінің жағалауы, «Аққұмшық» жағажайы, «Көрібөгет» көпірі, «Лайкөл», «Қамбаш», «Жаланап», «Шемішкөл», «Райым», «Тұшы», «Иркөл», «Қараөзек», «Өлімкөл», «Жаманкөл» көлдерінің және «Қалғандария», «Елтай», «Шіркейлі», т.б. су арналарының жағалауы қызылорда, тұрмыстық қалдықтан тазартылды.

Су айдындары мен аяқсу арықтарынан 40 тоннадан астам қоқыс шығарылды.

Еске сала кетсек, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясына аймақ жұртшылығын белсене қатысуға шақырған үндеуі жарияланып, санитарлық тазарту, көркейту және қалғандарды сенбіліктері ұйымдастырылуда. Аймақтағы мұндай жұмыстар тек акция кезінде ғана емес, көктемнің алғашқы күні 1 наурыздан бастау алған болатын.



## ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ АЖЫРАСУ БОЙЫНША 75 АРЫЗ КЕЛІП ТҮСКЕН

**«Отбасы» ұғымын адамзаттың алтын дінгегіне баласак, артық айтқан болмас едік. Себебі оның ұрпаққа ықпалын ешбір күшпен салыстыруға келмес. Мейірім мен махаббаттың ұшпаққан ордасына айналған бұл орта тәрбиенің бастауы, ұлттық құндылықтарды бойға сіңірудің алғашқы мектебі болуымен бағалы. Десе де, отбасылық жағдайлардың күрделеніп, шаңырақтың шайқалар сәттері болатыны рас. Бұл түсініспеушіліктердің салдары ажырасу факторларына әкеп соғуда.**

Жасыратыны жоқ, елімізде ажырасу дерегі жыл сайын артып келеді. Соңғы мәліметтерге сүйенсек, ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында республика бойынша 26,7 мың неке тіркелсе, 8,8 мың ажырасу дерегі анықталған. Некеңі күйреуіне әкелген бұл мәселенің себептері де көп. Бірақ «басты себеп не?» деген сауалға нақты жауап табу қиын.

Ал Шиелі ауданындағы ахуалға келер болсақ, жыл басынан бері сот бөліміне барлығы 75 арыз келіп түскен. Бұған былтырдан қалған 23 арызды қоса есептесек, бүгінде

барлығы 98 отбасының ажырасуа ниет білдіргенін байқаймыз. Расында, мемлекеттің іргетасы жаңұядан басталары анық. Бұл – адам баласының тәрбиесімен сусындап, өсіп-өніп, түлеп ұшатын алтын ұясы. Ал жасы мен жаманның, арам мен адалдың аражігін ұқтырып, адалдық пен тектілік қасиеттерді ұрпақ санасында қалыптастыруға сеп болатын жандар, осы отбасының ұйытқысы – әке мен ана болса керек.

Асыл дініміз тұрғысынан да отбасы мәселесіне көп көңіл бөлініп, қоғамның ең маңызды құрылымына бағаланған. Мұнда,



ең алдымен, сыйластық пен сенім болуы шарт. Егер бұл қасиеттер ерлі-зайыпты жандардың тарапынан қатар болса, олардың бір-біріне деген қарым-қатынасы мен сезімі арта түспек. Сондықтан отбасылық өмір қуаныш желу үшін шынайы сүйіспеншілік, терең құрмет және береке-бірліктің болғаны аса маңызды. Әлемде жыл сайын атап өтілетін «Отбасы күні» мерекесі

## АЛИМЕНТ ӨНДІРУ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ БОЛЫП ТҰР

Бүгінгі қоғамның ең өзекті мәселесі – алимент өндіру ісі. Сала мамандарының айтуынша алимент төлеуден жалтарып, жұмыссыздықты сылтау ететін азаматтардың қатары артаған. Мәселен, жыл басынан бері алимент ісіне қатысты барлығы 1162 арыз келіп түскен. Бұл туралы Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Сәбит Рүстемов хабарлады.

– Қазіргі таңда алимент өндіру ісіне қатысты арыз-шағымдар бойынша заң аясында тиісті жұмыстар жүргізудеміз. Жыл сайын жаңа жарасымдылығы және бұзылып, тараптар екі жаққа кету деректері азаймай тұр. Басты себеп – материалдық жағдайдың жетіспеушілігі және жұмыссыздық. Жалпы, осы жылдың 4 айында алимент ісіне қатысты 1162 арыз келіп түсті. Оның ішінде, 770 арыз талап қою, ал 31 арыз ерекше іс жүргізуге байланысты болып отыр. Бұдан бөлек, бізге 361 сот бұйрығын шығару туралы арыз келіп түсті. Сонымен қатар, есепті мерзімде 13 арыз

сот бұйрығын шығару туралы қабылдаудан бас тартылды, ал 7 арыз кері қайтарылды, – деді Сәбит Рүстемов.

Алимент өндіру істері оң шешімін табуға.

– Қарауымызға келіп түскен арыздардың басым бөлігі – алимент төлеу ісіне қатысты болып отыр. Жұмыссыздықты сылтау етіп, алимент төлеуден бас тартатын азаматтар да бар. Дегенмен, біз заң аясында тиісті зерделеу жұмыстарын жүргізіп, екі тараптың келісімі арқылы бір шешімге келеміз. Жалпы неке бұзылуының басты себебі – қаржы жетіспеушілігі және шімдікке тәуелділік болып отыр. Осы мәселенің кесірінен екі тарап ажырасуға шешім шығарады. Дегенмен, біз ерлі-зайыптыларды шақырып, татуласу орталықтары арқылы бітімгершілікке шақыруға тырысамыз. Қазіргі таңда алимент өндіру ісі бойынша келіп түскен арыздар бойынша жүйелі жұмыстар жүргізудеміз, – деді Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Забира Абылайқызы.

## «КЕЗЕКШІ ПРОКУРОР» ИНСТИТУТЫ ЖАНДАНЫП КЕЛЕДІ

Бас прокуратураның ҚАЖ мекемелеріндегі аспаптарды жою туралы тапсырмасы облыс прокуратурасының басты назарында. Түзеу мекемелеріндегі аспаптардың алдын алудың негізгі құралы – мекемелерді жаппай бейнебақылау камераларымен жабдықтау, қауіпті аймақтарды жою. Сонымен қатар, «Кезекші прокурор» институтының да жұмысы жанданып келеді. Бұл өз кезегінде мекемелердің қауіпсіздігін сақтауға және денсаулық жағдайына байланысты шағымдардың алдын алуға ықпал етпек. Бұл туралы облыс прокуратурасының Үкімдердің орындалуын қадағалау басқармасы бастығының міндетін атқарушы Махмұт Ахтанұлы баяндады.

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, мекемелерді жаппай бейнебақылаумен жабдықтау жұмыстары жүргізілуде. Нәтижесінде, осы байланыс құралдары арқылы қашықтан мәлімет алуға қол жеткізу онтайландырылды. Бұл өз кезегінде жазбаны көру мүмкіндігін 3 айға дейін сақтауға мүмкіндік берді. Осы атқарылған жұмыстардың нәтижесінде, екі мекеме үздіксіз бейнебақылаумен қамтылып, қауіпті аймақтар толығымен жойылды. Сондай-ақ «Адам құқықтары жөніндегі уәкілінің» Қызылорда облысы бойынша өкілімен жасырын түрде қинау деректеріне қатысты мағлұматтар алынды. Деректерге сүйенсек, түзеу мекемелерінде тәртіпсіздікке жол беру оқиғалары орын алмаған. Сондай-ақ, құзырлы органдар тарапынан рұқсат етілмеген шаралар туралы әрбір өтініш бойынша прокурор оқиға орнына дереу барып, сотталғандарды жеке қабылдап, түсіндірме алуға, – деді Махмұт Ахтанұлы.

## ЖОЛ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗІЛДІ

Қызылорда облысының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы волонтерлері Қызылжарма кентінің Ы. Жахаев, Қ. Сексенбаев көшелеріне жүргізілген мониторинг барысында кемшіліктерді анықтады.

Мониторинг барысында, жарты жыл бұрын жөндеумен Қызылжарма кенті бойынша аталған екі көшенің жол сапасы нашар және ойылған шұңқырлардың пайда болғаны белгілі болды.

Мәселені зерделеу кезінде, 2023 жылы аталған екі көшенің жол жөндеу құрылыстарына бюджеттен 33,2 млн теңге бөлінгені анықталды (Ы. Жахаев көшесі 10 906,7 мың тг, Қ. Сексенбаев көшесі 22 297,6 мың тг). Волонтерлердің бастамасы бойынша Департамент тілісті ұсынымдар енгізді, нәтижесінде Қызылжарма кенті Ы. Жахаев көшесінің жөндеу жұмыстары аяқталып, жол құрылысының сапасы талаптарға сай орындалды. Сонымен қатар, аталған кенттің Қ. Сексенбаев көшесіне төселген асфальт қабатының бұзылған 300 метрге жуық аумағы қайта алынып, жаңадан асфальт қабатын төсеуге әзірлеу жұмыстары жүргізілуде.

## СОТ 6 МИЛЛИОН ТЕНГЕ МОРАЛЬДЫҚ ЗИЯН ӨНДІРІП БЕРДІ

«П» акционерлік қоғамының операторы қызметін атқаратын Қызылорда қаласының тұрғыны жұмыс уақытында кен орнында қайтыс болған күйінде табылған. Қызылорда облысының еңбек саласындағы бақылау басқармасы тексеру жүргізіп, оның қорытындысына сәйкес, жазатайым оқиға еңбек міндеттерін орындау кезінде болған деген тұжырымға келіп, жұмысшының кінәсі – 0 пайыз, жұмыс берушінің кінәсі – 100 пайыз болып дәрежеленген. Қайтыс болған жұмысшының артында әйелі мен көмелетке толмаған үш баласы қалған. Асыраушысынан айырылған әйел Қызылорда қалалық сотына жүгініп, моральдық зиян өндіруді сұраған.

Өзіннің талап қоюында ол жұбайы қайтыс болғаннан уайымға салынғанын, жан азабы мен тән азабын шеккенін, ұлдары мен қызының күн сайын әкесінің жоқтығын сезініп жылайтынын, өзінің арқа сүйер жолдасынан айырылғанын, күйеуінің жұмыс орнында еңбек міндеттерін орындау кезінде қайтыс болғанын, отбасының басқа табысы жоқ екенін, күйеуін және балаларының әкесін бір күнде жоғалтып алып, қиналып қалғандарын көрсеткен.

Сотта акционерлік қоғам маркумның отбасына көмек беріліп, сақтанудың шартына сәйкес маркумның әйелінің есепшотына ақша аударылғанын көрсетті. Сот отырысында барлық дәлелдемелер зерделеніп, жұмыс берушінің кінәсінен жаңұядан жалғыз асыраушысы болған жұмысшының қаза тапқаны анықталған. Қызылорда қалалық соты әйелдің талап қоюын қанағаттандырып, акционерлік қоғамнан әйелдің пайдасына 6 000 000 теңге моральдық зиян өндіру туралы шешім шығарды.

## 10 МИЛЛИОН ТЕНГЕ МОРАЛЬДЫҚ ЗИЯН ӨНДІРІЛДІ

Байқоңыр қалалық сотына талап қоюшы Ш. жалғыз ұлынан айырылуына байланысты жауапкер В.-дан моральдық зиянды өндіріп алу туралы талап қоюмен жүгінген.

Талап қоюшы өзінің талап қоюында жауапкер В. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 99-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмыс жасағаны үшін Ақмола облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының үкімімен 12 жыл мерзімге бас бостандығынан айырылғанын, жауапкер В. ұлын өлтіргені үшін кінәлі деп танылғанын, Қылмыстық іс аясында талап қоюшы жәбірленуші деп танылған.

Сонымен қатар, қылмыстық іс бойынша азаматтық талап берілмеген. Талап қоюшы сотта жауапкердің қылмыстық әрекетінен азап шеккенін, жалғыз ұлынан айырылғанын көрсетіп, талап қоюды толық қанағаттандырып, 10 000 000 теңге мөлшерінде моральдық зиян өндіруді сұрады.

Жауапкер қазіргі уақытта үкім бойынша жазасын өтеп жатқанын, жазаны өтеу кезінде жұмыспен қамтамасыз етілмегенін және моральдық зиянды өтеуге материалдық мүмкіндігі жоқ екенін түсіндіріп, талап қоюшыға моральдық зиянды мүмкіндігінше төлейтінін көрсетті.

Сот шешімімен қылмыспен келтірілген моральдық зиянды өтеу туралы талап қанағаттандырылып, жауапкер В.-дан 10 000 000 теңге мөлшерінде моральдық зиян өндірілді. Сот шешімі заңды күшіне енді.

## ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, көмелетке толмағандар алдын алу, көмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр. Әрбір адамның өмірде толыққанды тұлға болып қалыптасуында құқықтық тәрбиенің алар орны ерекше.

Тәрбиенің сан қырлы қарастырылуы та құқықтық тәрбие, құқықтық сауаттылық көші ілгері болмақ. Адам жақсы – жаманды отбасынан алып, оның қырсырын бойына сіңіреді. Өйткені, балалардың алғашқы өсіп-өнуі, қалыптасуы, әлеуметтік қарым-қатынас байланыстары, іс қимылдар мен мінез құлық нормаларын меңгеруі отбасынан басталады. Өнегелі отбасы баланың адамгершілік тұлғалық қасиеттерін белсенділікке, жігерлі, қайратты, адал болуға тәрбиелейді.

Отан отбасынан басталады деген ұлағатты ұғым бар. Қандай даламын қуатты мемлекет болса да жекелеген отбасынан құралады. Елдің ертеңі де сол отбасынан шыққан әрбір азаматтың ерік жігеріне, еңбегіне, біліктілігіне байланысты. Адамзат атаулының өзі осы отбасы құрылымынан өту арқылы қалыптасқан.

Сондықтан да келер ұрпақты тәрбиелей отырып, оларды өмір жолында кездесетін қиыншылықтарға қарсы тұра білуге үйрете білу керек. Отбасында орныққан қарым-қатынас түрі мен қалыптасуына сәйкес баланың тұлғалық қасиеттері қаланады. Бала әрқашан да ата-анадан жүрек жылуын, мейірімділікті қажет етеді, ол ата-ананы тірегі санайды, оларға қарап бой түзейді, үлгі алады. Балалық шағында отбасында алған, меңгерілген қасиеттер бала бойында өмір бойы сақталады. Жас баланы саналы,

мәдениетті, сергек етіп тәрбиелеу-отбасы мен қоғамдық тәрбие орындарының бірден-бір парызы. Яғни балаларды тәрбиелеу тек ата-ананың жеке ісі емес, бұған барлық қоғам қызығушылық танытуы керек.

Мемлекетіміздің ең басты байлығы, қазынасы-адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары делінген. Осыған сәйкес елімізде адам және оның өмірі үшін барлық жағдайлар жасалып жатыр. Конституцияға сүйенсек «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың табиғи құқығы әрі парызы» делінген. Отбасындағы ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас ең басты іс-әрекеттердің бірі болып табылады.

**Т.ӘМІР,**  
Қармақшы аудандық сот  
әкімшісінің  
бас маман – сот  
отырысының хатшысы

## МӘҢГІЛІК ЕЛ ТІЛІМЕН ЖАСАМПАЗ

Тәуелсіздік алған күннен бастап мемлекеттік тілді дамыту мәселесі күн тәртібінен түспей келеді. Бұл тақырыпты маған дейін көптеген тіл мамандары, ақын-жазушылар, жалпы тіл жанаушылар көтерген. Сонда да болса маңызды тақырыпты шешуге байланысты өз пікірімізді айтып, өз үнімізді қосу парыз деп білемін.

Тіл саясаты кез келген мемлекеттің тағдырын шешетін киелі құбылыс. Оны өзіне көңіл аудартып, ұпай жинаудың құралына айналдыру еліміз үшін өте қауіпті. Тәуелсіздігі мен тілі үшін жер бетінен жоғалып кеткен ұлттар мен ұлыстардың барын тарих беттерінен білеміз. Осы ретте бір жапырақ жер үшін соғыс өртені тұтатуға дайын тұратын, геосаясат жағдайды өз пайдасына ұтқызып пайдаланғысы келетін алпауыт елдерің бар екенін мүлдем естен шығармауымыз керек.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық

қатынастардың барлық салаларында қолданылатын тіл болғандықтан, жүргізілетін барлық ісқағаздары мен құжаттар мемлекеттік тілде болуы тиіс. Өйткені, Өркениетке құлаш ұратын елдің өңірі қашанда білікті де, саналы ұрпақпен кеңеймек. Әлемдегі мүйізі қарағайдай елдердің санатын енді көздеген халықтың басты мақсаты да сауатты ұрпақ тәрбиелеу.

Ел Конституциясының 7-бабының 1 – тармағында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп нақты белгіленген. Ал тіл туралы заңның 4-бабында ҚР мемлекеттік тілі – қазақ тілі деп көрсетілген. Аталған заңда қылмыстық, азаматтық, әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі істер бойынша сот ісі қазақ тілінде жүргізіледі деп көрсетілген. Елімізде мемлекеттік тілдің қазақ тілі екенін ескерте отырып, оған басымдық беруіміз керек.

Ол үшін заң нормаларын

басшылыққа ала отырып, істерді мемлекеттік тілде жүргізіп, бірлі-жарым мемлекеттік тілді білмейтін іске қатысушылар үшін іс жүргізу тілін өзгертіп, олардың ісіне аудармашыны қатыстыру қажет деп есептеймін. Сонда ғана іс қазақша жүріп, қазақ тілі мен (аудармашы арқылы) орыс немесе басқа тілдер қатарласып қолданылады.

Қорытындылай келе, тілге деген құрмет – елге, халыққа деген құрмет. Ел мерейі – тіл мәртебесі. Тілсіз халықтың өмір сүруі мүмкін емес. Әлем таныған, әлем мойындаған ел болу үшін тілімізге деген құрмет соғырлым жоғары болу қажет. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» дегендей ана сүтімен дарыған қасиетті де кастерлі тілге құрмет көрсетіп, дақ түсірмеу сізбен-біздің парызымыз.

**Г.АБУОВА,**  
Қармақшы аудандық  
сот әкімшісінің  
жетекші маманы

## СОТ АРҚЫЛЫ БАНКРОТТЫҚ РӘСІМІ ҚОЛДАНЫЛДЫ

Қызылорда қаласының тұрғыны, 4 баланың анасы сотқа жүгініп, өзін банкрот деп тануды сұраған. Белгілі болғандай, маркум күйеуі банкрот несие алып, оны техникалық қызмет көрсету станциясының қосымша құрылысына және қажетті құрал-жабдықтар сатып алуға жұмсаған. Дегенмен, күйеуі кенеттен қайтыс болып, несие қарыздары мұрагерлік бойынша әйеліне өткен.

Қазіргі таңда әйелдің несие бойынша қарызы 8 миллион теңгеден асқан. Әйел қалалық сотқа берген өзінің арзығында денсаулығына байланысты жұмыс жасамайтынын, тұрақты табысы жоқтығын, күйеуі қайтыс болғаннан кейін, несие мен жалғыз өзі төлей алмай келе жатқанын, отбасында күйеуінің қарт анасын және төрт баласын бағып отырғанын, асыраушысынан айырылуына байланысты берілетін әлеуметтік жәрдемақдан басқа кіріс жоқ екенін көрсетіп, сот арқылы банкроттық рәсімін қолдануды сұраған. Банк өз пікірінде несие қарызын талап ету құқығы коллекторлық серіктестікке берілгенін білдірген. Ал, серіктестік өз кезегінде әйелдің несие қарызын өтемей отырғанын көрсеткен. Сот отырысында әйелдің атына жылжымайтын мүліктер тіркелмегені және әйелдің жұмыс жасамайтыны анықталған.

Әйелдің банк алдындағы несие мөлшері заңнамада белгіленген 1 600 айлық есептік көрсеткіштен асқан, банк алдындағы міндеттемелер бойынша қатарынан он екі ай бойы өтеу және жеті жыл бойы соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы шешім шығарылды. Осылайша, 4 баланың анасы банкрот деп танылды. Өмірдегі түрлі жағдайларға байланысты азаматтар несие міндеттемелері бойынша қарызын өтей алмай, қиын жағдайға тап болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда ер істің мән-жайы жан-жақты зерделенеді. Бұл ретте банкрот деп тану туралы рәсімдерді жауапкершіліктен жаптару мақсатында қолдануға жол берілмейтінін біле жүрген абзал.

**Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі**



13.05-19.05.2024

**Тоқты**

Пікірлері күнды, мәнді достар бар. Олармен көбірек уақыт өткізуге тырысыңыз, сонда сіз олармен ортақ тіл таба аласыз.

**Торпақ**

Қарым-қатынасыңызды сенімге құруға ұмтылыңыз, сондай-ақ жауапты болуға тырысыңыз. Жанжалдасуға жол бермеңіз және бәрін өз қолыңызға алуға тырыспаңыз. Күтпеген тосынсыздар мен ұсыныстарға дайын болыңыз. Команда ретінде күрделі жобаларда жұмыс істеп, күйзеліске бой алдырмаңыз. Стандартты емес салаларда шешім қабылдауға қабілетіңіз зор. Кәсіби өсуіңіз де мүмкін.

**Егіздер**

Бұл аптада қала сыртына шығып демалу және қызықты шеберлік сабақтары әдемі естелік болып қалады. Қандай да бір мәселеде қиналып жүрген адамдар өз бетінше шешім шығармай тұрып, жақындарымен кенескен абзал.

**Шаң**

Маңызды шешімдер қабылдауға қолайлы уақыт. Сондықтан әрбір ісінде мұқият болыңыз. Кенес: командалық рухты күшейтіңіз – сонда сіз табысқа қол жеткізесіз.

**Арыстан**

Бұл күні физикалық және эмоционалдық тұрғыдан қатты шаршауыңыз мүмкін, сондықтан таза ауада аз да болсын серуендеу қажет. Достарыңыздың қолдауы қажет болса немесе олармен кездескіңіз келсе, бүгін мұны істеу үшін тамаша күн. Бәлкім, бұл жаңа дос табудың сәтті күні шығар.

**Бикеш**

Бүгін қарым-қатынастар үшін қолайлы уақыт. Бұрыннан ұнатып жүрген адамыңыз болса, бірінші қадам жасаудан қорықпаңыз, сонда сіз міндетті түрде жетістікке жетесіз! Ескі таныстарыңызды сағынсаңыз, оларға қоңырау шалыңыз немесе хат жазыңыз. Бәлкім, олар да сіздің бір хабарыңызды тағатсыздана күтіп жүрген болар.

**Таразы**

Бүгін жаңа перспективалық жобаларды талқылаңыз. Егер жұмысыңызда сәтсіздік орын алса, сенім арта алатын немесе сізге қызықты идеялары бар адамдардан кеңес алыңыз. Сүйіспеншілікті білдіруде шынайы болыңыз. Өзіңізге қымбат жанға жылу мен махаббат сыйлаудан жалықпаңыз.

**Сарышаян**

Клиенттер мен әріптестердің жетегіне ермеуге тырысыңыз. Егер сіз қандай да бір нақты жұмыс мәселелерін шеше алмай жатсаңыз, аздаған кідіріс алыңыз. Барлық мәселелерді кәсіби тұрғыдан қарастыруға тырысып, жаңа бағытта білім алу мүмкіндігін жіберіп алмаңыз.

**Мерген**

Жеке өміріңізде өзгеріс болуы мүмкін. Бүгін досыңызбен қарым-қатынасыңыздың қаншалықты нығая түскенін сезінесіз. Сізге қиындықтарды жеңуге көмектесетін адамдардың қолдауы мен түсіністігіне ие боласыз.

**Тауешкі**

Жаңа әдістерді қолданып көруден немесе бұрын мүмкін емес деп ойлаған жобаларды жасаудан қорықпаңыз. Бұрын қиын болып көрінген жаңа істерді бастауға, байқап көруге қолайлы күн. Эмоционалдық жағдайыңызға назар аударыңыз: күш-қуатыңыз азайып, энергия қорыңыз таусылғандай күй кешуіңіз мүмкін.

**Сукүйгіш**

Спортпен айналысуды бастаңыз. Бүгін жақсы досыңызға қоңырау шалыңыз немесе хат жазыңыз. Ортақ мақсаттарды немесе жетістіктерді талқылаңыз.

**Балықтар**

Күн өте әсерлі болмақ, оны отбасыңызбен қызықты әрі оқиғаларға толы етіп өткізіңіз. Команда болып жұмыс жасай отырып, жұмыс процесін жақсартуға деген ынта-жігеріңіз шынайы әрі айналандырады пайдасын тигізетін болса, қысқа мерзімде бұрын-соңды болмаған жетістікке жетесіздер.

## ОБЛЫСТЫҢ 109 МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМЫ ҚОСЫМША ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛДЫ

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры халыққа медициналық көмек көрсету үшін медициналық ұйымдарға берілетін алдын ала төлемді 30% – дан 70% - га дейін, ал медициналық қызметтерді жаңа жеткізушілер үшін 30%-ға дейін көтерді. Мұндай шаралар медициналық ақпараттық жүйелерді жанарту кезінде емханалардың қаржылық тұрақтылығын қолдау үшін қабылданды. Бұл туралы ӘМСҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов хабарлады.

Қазір ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің медициналық қызметтердің мониторингі мен сараптамасы үшін ақпараттық жүйелерді пысықталып, Қордың «SAQIANDYRY» ақпараттық жүйесінің төлем бөлігі әзірлену үстінде. Осыған байланысты нақты көрсетілген жұмыстардың аяқталу қорытындысы бойынша медициналық қызметтер

қаржыландырылатын болады.

Сонымен қатар БСМК, әлеуметтік маңызы бар аурулар, паллиативтік көмек, гемодиализ, жедел медициналық көмек сияқты басым бағыттар бойынша 47%-ға дейін қосымша алдын ала төлем берілді. Барлығы 86 медициналық ұйым шамамен 12,1 млрд теңге алды. 10 мамырдағы жағдай бойынша 106 медициналық ұйымға 40,42 млрд теңге қосымша алдын ала төлем төленді. Осылайша, Қордың 111 жеткізушісінің 106-ы немесе 95%-ы алдын ала төлем алды. Қалған 2 медициналық ұйым жаңа жеткізушілер болып табылады және 2 медициналық ұйым алдын ала төлем алудан жазбаша бас тартты. 1 медициналық ұйым (ФГБУЗ ЦМСЧ№1 ФМБА России) мемлекетаралық меморандумға сәйкес аванстық төлем төленбейді. Медициналық ұйымдарға алдын ала төлемдерді төлеу жұмыстары жалғасуда.

## МАҚСАТЫМЫЗ БІР – МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫН АРТТЫРУ

«Q-MED» емханасының байланыс орталығына күн сайын тұрғындардан 60-ка жуық қоңырау түседі. Бұл медициналық қызметтердің сапасы бойынша кері байланыс арналарына жүктемені азайтады. Бұл туралы Әлеуметтік сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының басшылығымен кездесу барысында емхана мамандары хабарлады.

Медициналық орталық бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсетеді. Клиникада зертханалық қызметтен, диагностикадан, дәрігерлердің кеңес алу, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуден басқа жедел медициналық көмек қарастырылған. Қазіргі таңда 4 учаскелік аймақ облыс орталығының 7 мыңнан астам тұрғынына қызмет көрсетеді. Учаскелік аймақтың санын 15 мың адамды қамтитын 9-ға дейін кеңейту жоспарлануда.

«Біз сапалы медициналық қызмет көрсетуге және жеделдікке бағытталғанбыз. Пациенттерді қолдау және ішкі аудит қызметі, 8 705 176 70 24 телефон нөмірі бойынша байланыс орталығы бар. Пациенттерге арналған WhatsApp чатымызда тұрғындардың өтініштерін қарастырамыз. 2023 жылы оқшауланған жағдайлар болса, осы жылдың басынан бері пациенттерден бірде-бір шағым түскен жоқ», - деп атап өтті емхананың құрылтайшысы Раушан Базарбай.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры филиалының мәліметінше, емхананы қаржыландыру айтарлықтай артқан.

«2023 жылы Қор «Q-med» емханасына 159 миллион теңгеден астам қаржы бөлді. Биылдың өзінде шамамен 300-ге жуық миллион теңге қарастырылған. Қаржыландыру 47% - ға өсті», - дейді ӘМСҚ облыстық филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов.

## ЖИТС ҚҰРБАҢДАРЫН ЕСКЕ АЛУ

Жыл сайын мамырдың үшінші жексенбісінде дүниежүзінде ЖИТС-тен құрбан болғандарды еске алу күні өткізіледі. ЖИТС-тың таралуын тоқтату әлемдегі қоғамды АИТВ / ЖИТС-ті жұқтырған адамдардың проблемаларына назар аударту, жаңа инфекциялардың алдын-алу және АИТВ / алдын алу жұмыстарын күшейту жолымен өткізіледі. Осы аурудың білім деңгейін жоғарылату үшін профилактикалық жұмыстарды күшейту Алғаш рет ЖИТС құрбандарын еске алу күнін 1983 жылы американдық Сан-Франциско қаласында атап өтті. Бірнеше жылдан кейін осы ауруға қарсы қозғалыс символы пайда болды. Өмірден өткен, құрбан болған көптеген адамдарды еске алу үшін ол киімге тағылатын қызыл лента болды, сондай-ақ түрлі-түсті кеңептер киізден жасалған киімдер. Бұл төлсізпағтарды суретші Франк Мур арқылы 1991 жылы ойлап тапқан.

Қазіргі уақытта Бүкіләлемдік Жад Күні. ЖИТС-ның белсенділері осы ісшараның қайтыс болғанына бей-жай қарамайтын адамдар киім-кешектеріне қызыл ленталар тағады. Қазіргі уақытта ағзадан вирусты алып тастай алатын ешқандай дәрілік заттар жоқ, сондықтан АИТВ/ ЖИТС-нан науқасты толық емдеу мүмкіндігі жоқ, бірақ адамның инфекцияны тарату тұрғысынан қауіпті болып, өмір сапасын сақтап қалу үшін қандағы вирустың мөлшерін азайтатын препараттар бар. АИТВ инфекциясының таралуын шектеудің негізгі механизмі инфекцияның алдын алу болып табылады. Әр адам АИТВ-инфекцияны қалай жұқтыратынын, АИТВ-ның қай жерде және қалай тексерілетінін және АИТВ жұқтырудан қалай қорғану керектігін білуі қажет. Тек әр адам өзінің мінез-құлқын бақылап, өз денсаулығын дербес сақтай алады. АИТВ / ЖИТС туралы білу адамның АИТВ / ЖИТС-пен ауыратын аурудан қорғай алады, әсіресе, тұрастай алғанда халықтың денсаулығын сақтайды.

**П.ЖОЛДЫБАЕВА,**  
АИТВ инфекциясының алдын алу орталығы  
Қазалы филиалы менгерушісі

## Спорт

### ҚАРМАҚШЫДА ДЗЮДО КҮРЕСІНЕН ОБЛЫСТЫҚ ТУРНИР БАСТАЛДЫ

Қармақшы ауданында Қазақстан Республикасының «Спорт шебері» Сүлейменов Әсет Жәнібекұлын еске алуға арналған дзюдодан жасөспірімдер арасында облыстық ашық турнир басталды.

Дүбірлі спорт додасының ашылу салтанатына Қармақшы ауданының әкімі Жандос Еркінбек қатысып, Әсет Сүлейменовтың өнегелі өмір жолы мен спорттық мансабында жеткен жетістіктері туралы сөз қозғайды.

Сондай-ақ, ауданда спортты дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, жастар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді пайдалану, спортқа баулу мақсатында салынып жатқан спорт кешендерінің жуырда пайдалануға берілетіндігін айтып, турнирге қатысушы жас спортшыларға сәттілік тіледі.

Одан кейін, Қызылорда облысы дзюдо федерациясының Президенті Садық

Шоңмұрынулы сөз сөйлеп, облыстық турнирдің салтанаты ашылуымен құттықтады.

Әсет Сүлейменов 1969 жылы дүниеге келген. Ол өзінің қайсарлығы мен дарындылығының арқасында көптеген республикалық бәсекелерде жүлделі орыннан көрініп, «КСРО спорт шеберіне үміткер» спорттық атағына ие болған. 1986 жылы еңбек жолын аудандық спорт мектебінде жаттықтырушы болып бастаған ол кейіннен ішкі істер органдарында абыройлы қызмет етті.

Билі үшінші мәрте ұйымдастырылып отырған дәстүрлі спорт бәсекесіне облыс бойынша 150-ге жуық спортшы бақ сынайды.



## ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ «ҚАЙСАР» ОҢ НӘТИЖЕГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ

Қызылордалық «Қайсар» футболдан ел біріншілігінде төрт тур бойы жеңістің ащы дәмін татқан жоқ. Оның біреуінде жеңіске жетсе, үшеуінде тең нәтиже қанағат білдірді.

Жерлестеріміз өткен турда Алматының «Қайратын» 1:0 есебімен жеңсе, бұл жолы елордалық «Астанамен» 1:1 есебімен тең ойнады. Екі команда құрамында тәжірибелі футболшылар жиналған. Сондықтан қызылордалық футболшылар үшін әрбір кездесудің оңайға соқпағаны анық. Елордалық команда Алматы қаласында Қызылорданың «Қайсар» командасын қабылдады. Билі «Астана» ішкі біріншіліктегі кейінгі кездесулерін ала-құла өткізіп жүр. Соның салдарынан турнир кестесіндегі жағдайын біршама қиындатып алды. Билі бас жүздеге қол созамыз деген үмітпен тәжірибелі футболшыларды қатарға қосқан ұжым үшін енді әрбір кездесуде үш ұпайға қол жеткізу өте маңызды екені анық.

Алғашқы минуттан тізгінді қолға алуға тырысқан елордалық клуб қатарынан бірнеше шабуыл ұйымдастырды. Алайда олар бірінші кезінде диттеген мақсатына жеткен жоқ. Таблодағы есеп өзгеріссіз қалды. Екінші таймда елордалық шабуылшы Марин Томасов 57-минутта өз мүмкіндігін мұлт жібермеді. Оған 93-минутта «Қайсар» сапынан Валерий Громыко жауап қайырды. Жерлестеріміз алдағы ойынның 18 мамырда өз алаңында Астананың «Жеңіс» командасына қарсы өткізеді.

## ҮЗДІК ДӘРІГЕР АТЫНДАҒЫ ТУРНИР ӨТТІ

Өткен аптада Жалағаш ауданында медицина саласының үздік дәрігері, құрметті доктор, «Шапағат» мерекелік медалінің иесі Ақназар Бектасовтың еске алуға арналған жасөспірімдер арасында бокстан облыстық ашық турнир басталған.

Турнирдің алғашқы күнінде аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов доданы ашып, медицина саласының үздігі Ақназар Бектасовтың қызмет жолына тоқталып, турнирге қатысушыларға сәттілік тіледі. Сонымен бірге Ақназар Бектасовтың бауырлары Байділдә Сересенов, Төлек Бектасов, бас төреші Қызылорда облысының жасөспірімдер арасында бокстан аға жаттықтырушы Сәбит Сейілов турнирдің маңыздылығына тоқталды.

Ақназар Бектасов ақхалатты үлкен армияның бел ортасында жүріп еңбек еткен. Ол алғаш аудандық орталық аурухананда балалар дәрігері болып жұмыс жасады. Тынымсыз еңбек, үздіксіз іздену мен үйренудің арқасында 1970-1980 жылдары ол хирург-дәрігер дәрежесіне көтерілді.

Адам ағзасының ішкі құрылысына ота жасау аса біліктілік қажет ететіні айтпаса да түсінікті. Осы орайда Ақназар Бектасовты алғаш наркозбен ота жасауды ауданда сәтті іске асырған хирург деуге болады. Ол кезде отаға қанды облыс орталығынан таситын. Осыны ескерген ол аудан орталығынан қан дайындайтын арнайы бөлім ашуды қолға алады. Мұның алғашқы мүшелері болып Валентина Чернова және Сахан Берліжанова сынды ауданның тұрғындары тіркелді. Бұлардың қатарына дәрігер Ақназар Бектасовтың өзі де қосылды. Хирургтік міндетін атқара жүріп, ауыр науқастар кездескенде донор болып қан беруді әдетке айналдырды. Осы салада еңбек еткен жылдары қан беру арқылы 75 нау-қастың өмірін сақтап қалды. Сол еңбегі үшін 1989 жылы «КСРО-ның Құрметті доноры» атағын иеленді.

Міне, осындай тұлға атындағы турнирге Сыр бойының түкпір-түкпірінен рухқа толы балғын спортшылардың жиналуы заңдылық. Жалпы тартысты турнир үш күнге жалғасып, 182 спортшы өзара мықтыны анықтады.

Иә, жас былғары қолғап шеберлерінің жарысқа асқан тиянақты дайындықпен келгені шаршы алаңдағы шапшаң қимылынан байқалып тұр. Әрбір кездесу мықты бәсекелестіктен өтіп, көрерменнің шабытын арттырып, көңілін көтерді. Жасөспірімдердің жеке-жеке қолданған әдіс-тәсілдері құтты бір Бекзат Саттарханов, Бактияр Артаев және Серік Сопиев ағаларынан көшіріп алғандай ширақ көрінді. Турнирді тамашалаған жалағаштық жанкүйерлер ел боксының болашағы жарқын екеніне тағы бір мәрте көз жеткізгендей болды.

– Бұл турнир 16 салмақ дәрежесінде және халықаралық бокс федерациясының талаптарына сай өтті. Мұндай жарыстардың жиі ұйымдастырылуы әр баланың қарым-қабілетін көрсетіп, толықтай ашылуына жағдай жасайды, – дейді №13 аудандық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінің бокстан жаттықтырушысы Әмірбек Әкімбаев.

Турнир қорытындысында кіші жасөспірімдер арасында ең үздік боксшы жерлесіміз, 26 келі салмақтың алтын медаль иегері Зият Сырмағанбет атанды. Ал 2010-2011 жылғы жасөспірімдердің үздік боксшысы номинациясын 55 келі салмақ жеңімпазы, жерлесіміз Нұрадін Нұрсұлтан болды. Иә, 3 күнге жалғансаң дүбірлі дода әр өңірден келген боксшылар әлеуетінің барын, бәсеке жыл өткен сайын қыза түсетінін дәлелдеп берді.

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Бас редактор  
Егиншибаева Анар  
Жақысбекқызы

Жауапты хатшы  
Зибаш ӘЛИ  
8 705 982 76 61

Ақылдастар алқасы:  
Әбілбай Садықбаев  
Данияр Сұлтанбеков  
Рысбай Кәрімов

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – г, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:  
Тоқмағанбетов көшесі 36 а,  
1 қабат 7 кабинет  
Телефон:  
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсыннов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62  
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты  
Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды  
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді  
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 9820 дана  
Индекс 66503  
Тапсырыс №111

E-mail: gazeta\_eltilegi@mail.ru  
Электронды нұсқасы:  
https://ret-gazeta.kz/